

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастық арасындағы 2002 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік арасындағы Болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдармен сауда жөніндегі келісімге Өзгерістер енгізу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қарашадағы N 1143 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастық арасындағы 2002 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік арасындағы Болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдармен сауда жөніндегі келісімге Өзгерістер енгізу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Константин Васильевич Жигаловқа Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастық арасындағы 2002 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік арасындағы Болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдармен сауда жөніндегі келісімге Өзгерістер енгізу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастық арасындағы 2002 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік арасындағы Болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдармен сауда жөніндегі келісімге Өзгерістер енгізу туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі бір тараптан және Еуропалық қоғамдастық екінші тараптан,
осы Келісімнің Тараптары бола отырып,

Тараптар Қазақстан мен Еуропалық қоғамдастық арасындағы болат саудасын ұйымдасқан түрде және әділ дамытуға жәрдемдесуге ұмтылатын фактісін назарға ала отырып ;

1995 жылғы 23 қаңтардағы бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық қоғамдастық пен оның мүше мемлекеттері арасындағы әріптестік орнатқан Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің 1999 жылғы 1 шілдеде күшіне енгендігі фактісін назарға ала отырып; P011765

Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің 17 (1) бабы Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік бұйымдарының саудасы оның 11-бабын қоспағанда, Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің III бөлімімен және Келісімнің ережелерімен реттелетіндігін көздейтін фактісін назарға ала отырып;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік арасындағы 2002 жылғы 22 шілдеде болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдардың саудасы жөніндегі келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ережелерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ;

Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестік туралы келісімнің қолданылу мерзімі 2002 жылғы 23 шілдеде аяқталғандығы және Еуропалық қоғамдастық Еуропалық көмір және болат бойынша бірлестіктің барлық құқықтары мен міндеттемелерін өзіне алғандығы фактісін назарға ала отырып;

Келісімнің 11 (2) бабына сәйкес келісімнің ұзартылатынына, ал осы Келісім шеңберінде Тараптардың барлық құқықтары мен міндеттемелері оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оның күші сақталатындығына Тараптардың келіскендігі ф а к т і с і н н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;

Келісімнің 2 (6) бабына толықтыруында Тараптар Еуропалық Одақтың кеңеюін ескере отырып, 2004 жылғы 1 мамырдан бастап Келісімнің сандық шектеулерін өзгерту (бейімдеу) мүмкіндігін қарауға келіскендігі фактісін назарға ала отырып; төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1.1. Келісімнің II-қосымшасында жазылған 2004 жылға арналған сандық шектеулер осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап I-қосымшада айтылған көлемдер шегінде ұ л ғ а й т ы л у ы т и і с .

1.2. Тараптар Келісімнің I-қосымшасында қамтылған және 2004 жылғы 1 мамырға дейін түсірілген тауарлардың Қазақстаннан Чех Республикасына, Эстонияға, Кипрге, Латвияға, Литваға, Венгрияға, Мальтаға, Польшаға, Словенияға және Словакияға экспорты Келісімнің II-қосымшасында белгіленген сандық лимиттерден алынбайтынын к е л і с т і .

1.3. 1.2-тармағын орындау мақсатында жөнелтім немесе басқа да көліктік

құжаттарға сәйкес экспорттық көлікке тиелген күн тауарды жіберген күн болып танылады.

2-бап

2.1. Келісімнің А хаттамасының 13 (2) бабы қоса берілген II-қосымшада айтылғандай ауыстырылады.

2.2. Келісімнің А Хаттамасында қоса берілген ұлттық құзырлы органдардың тізбесі қоса берілген III-қосымшамен ауыстырылады.

3-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4-бап

Осы Келісім қазақ, орыс, чех, дат, голланд, ағылшын, эстон, фин, француз, неміс, грек, венгер, итальян, латыш, литван, мальта, поляк, португал, словак, словен, испан және швед тілдерінде жасалды, мәтіндердің әрқайсысының күші бірдей.

.....жасалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Еуропалық қоғамдастық үшін

I-қосымша

	(т о н н а)
Б ұ й ы м д а р	2 0 0 4
<u>SA. Қаңылтыр прокат</u>	
SA1. О р а м д а р	5 2 2 8
SA1a. Қайталама прокаттауға арналған	500
	о р а м д а р
SA2. Қалың қаңылтырлы болат	852
SA3. Басқа қаңылтыр прокат	21582

II-қосымша

А хаттамасының 13 (2) бабы мынадай болып ауыстырылды:

"2. Әрбір құжаттың ол оның сәйкестендірілуі мүмкін басылғанына немесе басылмағанына қарамастан белгілі бір стандарттық сериялық нөмірі болуы керек.

Бұл нөмір мынадай элементтерді қамтиды:
экспорттаушы елді сәйкестендіретін екі әріп, яғни

К Z = Қ а з а қ с т а н ;
кедендік тазалау жөніндегі қоғамдастыққа тиісті мүше мемлекетті сәйкестендіретін
е к і ә р і п , я ғ н и :

В Е = Б е л ь г и я
С Z = Ч е х Р е с п у б л и к а с ы
D K = Д а н и я
D E = Г е р м а н и я
E E = Э с т о н и я
E L = Г р е ц и я
E S = И с п а н и я
F R = Ф р а н ц и я
I E = И р л а н д и я
I T = И т а л и я
C Y = К и п р
L V = Л а т в и я
L T = Л и т в а
L U = Л ю к с е м б у р г
H U = В е н г р и я
M T = М а л ь т а
N L = Н и д е р л а н д ы
A T = А в с т р и я
P L = П о л ь ш а
P T = П о р т у г а л и я
S I = С л о в е н и я
S K = С л о в а к и я Р е с п у б л и к а с ы
F I = Ф и н л я н д и я
S E = Ш в е ц и я
G B = Ұ л ы б р и т а н и я ;

жылдың соңғы санына сәйкес келетін, жылды анықтаушы бір сан, мысалы, 2004
ж ы л ү ш і н " 4 " ;

экспорттайтын елдің белгілі беруші органын анықтаушы 01-ден 99-ға дейінгі екі
т а ң б а л ы н ө м і р ;

кедендік тазалау жөніндегі қауымдастыққа мүше мемлекетке берілген бірте-бірте
өсетін 00001-ден 99999-ға дейінгі бес таңбалы нөмір.

III-қосымша

ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК